**2022-2024 жылдарға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетін бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № 96 шешімі

Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің 9-1 бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Ырғыз аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Құмтоғай ауылдық округінің 2022 - 2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға арналған мынадай көлемдерде бекітілсін.

1) кірістер – 37 217,2 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер – 4 041 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

трансферттер түсімдері – 33 156,2 мың теңге;

2) шығындар – 37 530,5 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, оның ішінде;

қаржылық активтерді сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) -- 313,3 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 313,3 мың теңге;

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылған қалдықтары – 313,3 мың теңге.

Ескерту. 1 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 14.11.2022 № 177 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Ауылдық округ бюджетінің кірісіне мыналар есептелетін болып ескерілсін:

Салықтық түсімдер:

жеке табыс салығы;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелері бойынша жеке және заңды тұлғалардан алынатын, елді мекендер жерлеріне салынатын жер салығы;

тұрғылықты жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жеке тұлғалардан көлік құралдары салығы;

өздерінің құрылтай құжаттарында көрсетілетін тұрған жері аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында орналасқан заңды тұлғалардан алынатын көлік құралдары салығы;

бірыңғай жер салығы;

жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем;

сыртқы (көрнекі) жарнаманы:

аудандық маңызы бар қаладағы, ауылдағы, кенттегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумақтары арқылы өтетін жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде;

елді мекендерден тыс жердегі үй-жайлардың шегінен тыс ашық кеңістікте және жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінен тыс жерде орналастырғаны үшін төлемақы.

Салықтық емес түсімдер:

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін салатын айыппұлдар;

жеке және заңды тұлғалардың ерікті түрдегі алымдары;

аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің коммуналдық меншігінің (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігінің) мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттеріне түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ бюджеттерінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітіп берілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін ақша;

ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдерді қоспағанда, жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;

жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

3. Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 21 желтоқсандағы "2022–2024 жылдарға арналған Ырғыз аудандық бюджетін бекіту туралы" №84 шешіміне сәйкес 2022 жылға аудандық бюджеттен Құмтоғай ауылдық округ бюджетіне берілетін субвенция 27999 мың теңге сомасында көзделді.

4. Құмтоғай ауылдық округінің 2022 жылға арналған бюджетінде аудандық бюджет арқылы республикалық бюджеттен және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан түсетін ағымдағы нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін:

мемлекеттік қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорын қызметкерлерінің жалақысын арттыруға – 1 407,2 мың теңге.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. 4 тармақ жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 14.11.2022 № 177 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-1. 2022 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджетінде аудандық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсетіні ескерілсін:

елді мекендерді абаттандыруға – 2 500 мың теңге;

сметалық есептер әзірлеуге – 1 250 мың теңге.

Аталған трансферттер сомаларын бөлу ауылдық округ әкімінің шешімі негізінде айқындалады.

Ескерту. Шешім 4-1 тармақпен толықтырылды - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 20.06.2022 № 149 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 14.11.2022 № 177 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

5. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз аудандық мәслихатының хатшысы* *Н. Қызбергенов*

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандығы № 96 шешіміне 1-қосымша

**2022 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджеті**

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ырғыз аудандық мәслихатының 14.11.2022 № 177 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 37 217,2 |
| 1 | | | Салықтық түсімдер | 4 041 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 1 921 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 61 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1 860 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 2 120 |
| | | 3 | Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін | 2 120 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 20 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 33 156,2 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 33 156,2 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 33 156,2 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II Шығындар | 37 530,5 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 30 969,5 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын | 30 969,5 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | өкілді, атқарушы және басқа органдар | |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 30 969,5 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 30 969,5 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 6 561 |
| | 3 | | | Елді мекендерді көркейту | 6 561 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 989 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 440 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 5 132 |
| | | | | III.Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы ( профициті) | - 313,3 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру ( профицитін пайдалану) | 313,3 |

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 8 | | | Бюджет қаражаттарының пайдаланылатын қалдықтары | 313,3 |
| | 01 | | Бюджет қаражаты қалдықтары | 313,3 |
| | | 1 | Бюджет қаражатының бос қалдықтары | 313,3 |

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандығы № 96 шешіміне 2-қосымша

## 2023 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 33 160 |
| 1 | | | Салықтықтүсімдер | 4 129 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2 009 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 61 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 1 948 |
| | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 2 120 |
| | | 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2 120 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 20 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 29 011 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 29 011 |
| | | 3 | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 29 011 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II Шығындар | 33 160 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 29 011 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 29 011 |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала ,ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 29 011 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 29 011 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 4 149 |
| | 3 | | | Елді мекендерді көркейту | 4 149 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала ,ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 4 149 |
| | | | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 669 |
| | | | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 440 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру | 3 040 |
| | | | | III.Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қаржы активтерін сатып алу | 0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | V. Бюджет тапшылығы (профициті) | 0 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 0 |

Аудандық мәслихаттың 2021 жылғы 31 желтоқсандығы № 96 шешіміне 3-қосымша

## 2024 жылға арналған Құмтоғай ауылдық округ бюджеті

| Санаты | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|
| | Сыныбы | | | |
| | | Ішкі сыныбы | | |
| | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | I. Кірістер | 33 254 |
| 1 | | | Салықтықтүсімдер | 4 223 |
| | 04 | | Меншікке салынатын салықтар | 2 103 |
| | | 1 | Мүлікке салынатын салықтар | 61 |
| | | 4 | Көлік құралдарына салынатын салық | 2 042 |
| | 05 | | Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар | 2 120 |
| | | 3 | Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер | 2 120 |
| 2 | | | Салықтық емес түсімдер | 20 |
| | 06 | | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| | | 1 | Басқа да салықтық емес түсімдер | 20 |
| 4 | | | Трансферттердің түсімдері | 29 011 |
| | 02 | | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан | 29 011 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | түсетін трансферттер | |
| | | 3 | Аудандардың ( облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер | 29 011 |

| Функционалдық топ | | | | | Сомасы (мың теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіші функция | | | | |
| | | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі | | | |
| | | | Бағдарлама | | |
| | | | | Атауы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | II Шығындар | 33 254 |
| 01 | | | | Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер | 29 011 |
| | 1 | | | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар | 29 011 |
| | | 124 | | Аудандық маңызы бар қала ,ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 29 011 |
| | | | 001 | Аудандық маңызы бар қала , ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 29 011 |
| 07 | | | | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 4 243 |
| | 3 | | | Елді мекендерді көркейту | 4 243 |
| | | | | Аудандық маңызы бар қала | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 124 | | ,ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты | 4 243 |
| | | | 008 | Е л д і мекендердегі көшелерді жарықтандыру | 669 |
| | | | 009 | Е л д і мекендердің санитариясын қамтамасыз ету | 440 |
| | | | 011 | Елді мекендерді абаттандыру м е н көгалдандыру | 3 134 |
| | | | | III.Таза бюджеттік кредиттеу | 0 |
| | | | | Бюджеттік кредиттер | 0 |
| | | | | IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо | 0 |
| | | | | Қ а р ж ы активтерін сатып алу | 0 |
| | | | | V. Бюджет тапшылығы ( профициті) | 0 |
| | | | | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру ( профицитін пайдалану) | 0 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК